

02-06

«Тұрсынқұл апа» бөбекжай балабақшасы

Бекітемін

«Тұрсынқұл апа» бөбекжай балабақшасы
меңгерушісі: Г.Шырынханова



Меңгеруші жанындағы кеңес
хаттамалары

2021 жылы
Ә.Оспанов ауылы

Меңгеруші жанындағы кеңестің

№1 Хаттамасы.

04.09.2021 жыл.

Ә.Оспанов ауылы

Қатысқандар: 12

КҮН ТӘРТІБІ.

1. Балалардың өткен оқу жылындағы бейімделудің нәтижесі.
2. «Тіл» мерекесіне арналған іс-шараны бекіту.
3. Жалпы ата-аналар жиналысына дайындық туралы.
4. «Алтын күз», «Республика күні» мерекелерінің бағдарламаларын бекіту.

1. ТЫҢДАЛДЫ :

Әдіскер Г. Турешова сөз алды. - Жаңа келген балалардың 75% еш қиындықсыз бейімделу кезеңінен өтті, балалар балабақша жағдайына 1-3 ай аралығында тиімді бейімделді. Оқу жылының ортасына қарай барлық жас ерекшелігіне сай топтарда бейімделудің қиын түрлері болмады. Балалардың 15 % бейімделудің ортаңғы деңгейінде болды.

Балалардың балабақшаға дайындықсыз келуі. Ата-аналар балаларына жастарына сай әрекеттерді үйретпеген; - балалардың бейімделу ерекшеліктерін ата-аналардың білмеуі. Оқу жылының соңында барлық балалар балабақша жағдайына бейімделді. Басыңқы бағыттар: 2021 – 2022 оқу жылында балаларды толыққанды сауықтыруға бағытталған мектепке дейінгі мекемеде жүйелі мақсатты бағытталған рационалды жұмыс жоспарлануда деп есеп берді.

Меңгеруші Г.Шырынханова сөз сөйледі. Өз сөзінде осы мәселеге жан – жақты тоқталып өтті. - Баланың мектепке дейінгі ұйымға келіп түсуі-олардың өміріндегі маңызды кезең, ол үйреншікті жағдайдың, күн режимінің өзгеруімен сипатталады. Сондықтан ол жаңа іс-әрекетер жағдайларына икемделуге және бейімделуге тиіс. Бейімделу-ағзаның түрлі: физиологиялық, әлеуметтік, психологиялық деңгейлерде орын алатын жаңа жағдай икемделу үдерісі. Ағзаның әлеуметтік өмір сүрудің жаңа жағдайларына көндігуі, бала мінез-құлқының өзгеруімен, ұйқысының, тәбетінің бұзылуымен қоса жүреді. Неғұрлым күрделі қайта құрылу

бейімделудің бастапқы кезеңінде орын алады. Бейімделу созылып кетуі және бейімделуге ауысуы, сондай-ақ бұл бала денсаулығының, мінез-құлқы мен психикасының бұзылуына әкелуі мүмкін. Баланың МДҰ-да бейімделу үдерісі жүреді және ағзаның физиологиялық бұзылуын қоздыруы мүмкін. Дәрігерлер мен психологтар бейімделу кезеңінің 3 сатысын бөліп қарайды, деп жеке жеке тоқталып өтті.

1. **ТЫҢДАЛДЫ:** Балабақша меңгерушісі Г.Шырынханова «Тіл» мерекесіне тоқталып өтті. - Бұл мерекені республикамыздың түпкір- түпкірінде түрлі іс-шаралар ұйымдастыруда. Барлық топтарда өткізіледі. Қазақтың тұңғыш ғалымы, жарық жұлдызы «Қазақ тілінде өткірлікте, тектілікте, күшті» - деген екен. Тіл сұлулығы – ұлт ажары, өнер көркі. Біздің тіліміз шешен сөйлеуге әуенді ырғаққа поэзияға өте ыңғайлы. Апталық іс-шарасымен балабақша әдіскері таныстырады. Тіл мерекесіне арналған «Ақыл көркі – тіл, тілдің көркі – сөз» апталығы: -«Ана тілі – жүрегім» - тәрбиелік сағат (барлық топта)
2. **ТЫҢДАЛДЫ:** - Балабақша әдіскері Г.Турешова қазақ тілі мемлекеттік деңгейге тоқталып өтті. Қазақ тілі мемлекеттік деңгейге толық жету үшін бүкіл халық болып ат салысуымыз керек. Ең алдымен әрбір ата-ана ұл-қыздарын үй ішінде қазақтың бай тілімен үйретіп, салт-сана, әдет-ғұрыптарымен таныстырып, ата-ананы сыйлау, үлкенді тыңдау, өтіріктен, ұрлықтың аулақ болуға тәрбиелеу. Сондықтан балабақшадағы іс-шараларымен ата-аналарды да таныстырып, бірігіп балаларға тәлім тәрбие беруіміз керек.
3. **ТЫҢДАЛДЫ:** балабақша меңгерушісі Г.Шырынханова - Өз сөзінде осы аптаның ішінде жалпы ата-аналар жиналысын 07.09.2021 ж күні өткіземіз. Жаңа оқу жылы басталды. Ата-аналарды балабақшаның жылдық жоспарымен, күн тәртібімен, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесімен және бағыттарымен таныстыру қажет деп сөз кезегін әдіскерге берді. Балабақша әдіскері ата-аналар жиналысының жоспарымен таныстырды.
4. **Тыңдалды:** балабақша ән-жетекшісі Б.Есқараева дайындаған «Алтын күз» мерекесіне арналған іс-шарасын бекіту туралы пікірлерін білдіргендер. Балабақша тәрбиешісі А.Бахтыбекова былай деді бұл мерекені балалар асыға күтеді. Себебі біріншіден жеміс жидегі мол, дастарқанымыз мол болатын кез. Сондықтан «Алтын күз» мерекесінің өзіндік ерекшелігі бар. Музыканттың ұсынған мерекелік бағдарламасы жақсы қызықты жоспарланған. Менің ұсынысым бекітілсін. Балабақша тәрбиешісі С.Мамахан жоғарыдағы айтылған әріптесімнің Пікіріне қосыламын. Бағдарлама тақырыпқа сай. Бекітілсін деген ұсынысты қолдады.

Шешім:

- 1.Тіл мерекесіне арналған іс-шара бекітілсін.
2. Жалпы ата- аналар жиналысы 07.09.2021ж өткізілсін.
- 3.Топтардың жаңа оқу жылына тексеру жүргізілді.
4. «Алтын күз» мерекесі бекітілсін. 20.10.2021ж өткізілсін. Қауіпсіздік шаралары сақталынсын.

Төраймы:

Хатшы :



.Шырынханова

А.Бахтыбекова

Меңгеруші жанындағы кеңестің

№2 Хаттамасы

23.11.2021 жыл.

Ә.Оспанов ауылы.

Қатысқандар 13

Күн тәртібі.

- 1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде
- 2.Жыл мезгілдеріне арналған картотекалар көрмесі
- 3.«Алтын күз»мерекесін, Тіл апталығын талқылау
- 4.Тәуелсіздік күні, Жаңа жыл мерекелерінің бағдарламасынын бекіту.

Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балабақша әдіскері Г.Турешова сөз алды: шолу тексеру нәтижелері бойынша топтар толықтырылып, бекітілген жас ерекшеліктер бойынша оқу тәрбие үдерісі ұйымдастырылуда.

2..Тыңдалды: Жыл мезгілдеріне арналған картотекалар көрмесі ұйымдастырылды. Ересек «Балдаурен» тобы. Тәрбиешісі Л.Ерғалиева «Көктем» жыл мезгілінің картотекасының тақырыптары: Ауа райына бақылау жасау, Топырақты тұқым салуға дайындау, «Ауа райын сипатта!», Күнге бақылау жасау «Күн мен бұлт», Гүл тұқымын топыраққа егу, Желге бақылау жасау, «Жақсы, жаман», Аспанға бақылау жасау, «Көктемге арнап бояу табайық» Шоғырланған бұлтқа бақылау жасау, Қардың алғашқы еруін бақылау, Терезе алдындағы бақша (суару), «Көктем ерекшеліктерін кім көп атайды?», Жылғалар мен шалшықтарды бақылау, Аула маңын қоқыстан тазарту, Сүңгілерді бақылау. Ересек «Балдаурен» тобы.Тәрбиеші Л.Ерғалиева «Көктем» жыл мезгілінің картотекасының тақырыптары: Бақта өсетін ағаштардың гүлденуін бақылау. Жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті бақылау. Бақбақтың өсуін бақылау. Қараторғайдың үйшігі және қараторғайларды бақылау. Суда жүзетін құстарды бақылау. Жәндіктерді бақылау (қызыл қоңыз, жазғытұрғы қоңыз, маса) т.б. Ересектердің бақшадағы еңбегін бақылау. Үй құрылысын бақылау. «Күз» мезгіліне Жаңбырды бақылау. Тырналарды бақылау, Күзгі жапырақтарды бақылау, Жәндіктерді бақылау, тұманды бақылау, Күзгі көріністі бақылау, «Қыс» мезгіліне: қар үстіндегі іздерді бақылау, қар ұшқындарына, қар жауып тұрған құбылысты, қырауды, мұзды шырша ағашын бақылау, терезедегі өрнектерді

бақылау, аула сыпырушының еңбегін бақылау. Басқа да топ тәрбиешілерінің төрт жыл мезгілдеріне арналған картотекасы талқыланып, бағаланды.

3.Тыңдалды: «Алтын күз» мерекесін, «Тіл» апталығын талқылау. Балабақша меңгерушісі Г.Шырынханова

Ересектер «Балдаурен» тобының тәрбиешісі Л.Ерғалиеваның ұйымдастыруымен өткен «Алтын күз» ертеңгілігінде зал күз мерекесіне сай безендірілген. Көңілді бимен ашылып, «Саңырау құлақтар» биі, «Құмырсқа мен шегіртке» сахналаумен жалғасты, балалар сөздерін жаттап, анық айтып, рөлге ене білді. Күзгі вальс биімен аяқтады. Ортаңғы «Ақкөгершін» тобы тәрбиешілері А.Бахтыбекова, А.Досанова мерекеде күз Ханшайымымен бірге «Жапырақтар» биін, ағаштар биі әдемі шықты, ән-тақпақтар болды, балалар қуанып, жемістер жеп, көрмеге ата-аналар да қатысты. Жалпы барлық топтардың ертеңгілігінен күзді молшылығын, әдемілігін, мінезін көріп, балалардың өнерлерін көріп ата-аналар алғыстарын білдірді. Сонымен бірге ортаңғы «Айжұлдыз» тобы.Тәрбиешісі А.Мақсұт, С.Мамахан тіл апталығына арналған «Тіл тірегіміз соғып тұрған жүрегіміз» тақырыбында ертеңгілік өтті. Ертеңгілік мақсаты:балаларды ана тілінің қасиетін сезінуге, мәртебесін көтеруге баулу, ана тілді құрметтеуге тәрбиелеу.

4.Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Г.Шырынханова топтардың Тәуелсіздік күні, Жаңа жыл мерекелерінің бағдарламаларымен танысып, бекітті.

Шешім:

- 1.Басқа да топ тәрбиешілері төрт жыл мезгілдеріне арналған картотекасы жақсы деп бағаланды.
2. «Алтын күз» мерекесі, Тіл апталығына арналған іс-шаралар жақсы деп бағалансын.
3. Тәуелсіздік күні, Жаңа жыл мерекелерін жауапкершілікпен өткізу әдіскер Г.Турешова және тәрбиешілер.

Төрайымы:
Хатшы:



Г.Шырынханова
А.Бахтыбекова

Меңгеруші жанындағы кеңестің

№3 Хаттамасы.

Ә.Оспанов ауылы.

22.01.2022 жыл.

Қатысқандар – 12.

1. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы. Күн тәртібі.

2. «Тәуелсіздік күні», «Жаңа жыл» мерекелерін талқылау.

3. Жарты жылдық мониторинг қорытындысы.

4. Балалардың денсаулығымен өмірін қорғау ережелерінің талаптарын орындау.

1. Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Г.Шырынханова сөз алды. Өз сөзінде өткен кеңестің шешімінің орыдалуы жөнінде жанжақты тоқталып өтті. «Тіл» мерекесіне арналған іс-шарасы жоғарғы деңгейде, белгіленген күні өткізілді. Жалпы ата-аналар жиналысы қыркүйектің үшінші күні өтті. Ата-аналар түгел қатысты. Ата-аналар меңгерушіге өз ойларындағы жүрген сұрақтарды қойып жауабын алды. Осы мерекелерді талқылау жөнінде әрі қарай әдіскер жалғастырады.

2. Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Г. Турешова өз ойын білдірді. «Тәуелсіздік күні», «Жаңа жыл» мерекелері жоғарғы деңгейде өтті деуге болады. Бұл мерекені балалар жақсы көреді және қуанады. Өйткені сыйлықтар алады. Маған ұнағаны билері, киімдері керемет болды. Видеоға түсіріп ата-аналар чатына жіберілді. Ата-аналарда балаларының қуанышын көріп риза болды. Жақсы деген баға беруге болады.

Сөйлеген: Тәрбиеші А.Бахтыбекова былай деді музыкант екі мерекеніде жақсы өткізді. Сахнаны тақырыпқа сай безендірген. Маған ұнағаны «Тәуелсіздік күніне» арналған көріністері, киімдері, өлеңдері ұнады. Ата-аналар балаларының өнерін көріп қуанып риза болды. Жақсы пікілер айтып жатыр. Жақсы деген бағаны қолдаймын.

3. Үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Г. Турешова жарты жылдық мониторинг жайлы былай деді. Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беруге жүргізілетін мониторинг балалардың бес білім беру саласы бойынша даму динамикасын қадағалауға мүмкіндік берді. Тәрбиеленушілердің білімін

мөлшерлеуші ретінде, балаларды жетілдіруді дамыту деңгейінің диагностикалық картасы қолданылады. Бұл үшін барлық жастағыларды зерттеу картасы әзірленген. Мөлшерлеу құралы болып, әр түрлі тақырыптағы тапсырмалар, 5 білім беру саласы: «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» салалары бойынша әр түрлі жастағы топтарда жүйелендірілген дидактикалық материалдар қолданылады. Балаларды бақылау әңгілелесу, бала әрекетінің өнімдерін талдау, диагностикалық жағдаяттар арқылы жүзеге асады. Тексеру нәтижелеріне өтпелі тақырыптық есеппен қорытынды жасалады және одан әрі жұмыс істеу үшін түзетулер енгізіледі.

Индикаторлар – білім беру салалары бойынша баланың жасына сәйкес күтілетін нәтижелерге жету көрсеткіштері. Күтілетін нәтижелер баланың әр жас топтарына сәйкес Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған. Балаларды тәрбиелеу мен оқыту деңгейлерін қадағалау баланың жасына сәйкес жетістіктерінің мониторингі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы дайындаған Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымына сүйеніп жасалынды. Стандарт талаптары бала дамының 3 деңгейі болуын қарастырады және бала жетістіктерінің мониторингі негізінде жасына сәйкес іске асырылады:

- 1) 1-деңгей – бала белгілі бір қимыл мен біліктерді қайталай алады;
- 2) 2-деңгей – бала не істеп жатқанын түсінеді, белгілі білім қорына ие;
- 3) 3-деңгей – бала өзінің білетінін жасай алады, білімін өз бетінше шығармашылықпен қолданады.

Диагностиканы жүргізу кезеңдері: жылына 3 рет – оқу жылының басында, ортасында және соңында жүргізіледі. - бастапқы – қыркүйек; - аралық – қаңтар; - қорытынды – мамыр. Индикаторлар көрсеткіш ретінде баланың даму мониторингін қамтамасыз етеді және оның жеке дамуын жоспарлауға негіз болып табылады. Осы диагностика негізінде тәрбиеші, психолог және педагог мамандармен бірге Үлгілік бағдарлама мазмұнын меңгеру деңгейін анықтады. Нәтижесінде оқу жылының соңында «Балапан» - кіші тобының МЖМБС талаптарына сай төрт білім беру салалары бойынша балалардың білім көрсеткіші I-деңгей 40%, II деңгей 40%, III деңгейі 20 % құрады. Балалар не істеп жатқанын түсінеді, белгілі білім қорына ие. Тәрбиеленушілермен жүргізілген мониторинг нәтижесінде балалардың білім-

біліктілік дағдысының даму деңгейі төмен деңгейде екенін, тілдік дағдылары мен танымдық дағдыларын дамыту жұмыстарын жандандыру қажет екені анықталды. «Ақкөгершін» ортаңғы тобында I деңгей 45%, II деңгей 55%-ды III 55% құрады. Балалар не істеп жатқанын түсінеді, белгілі білім қорына ие, сонымен бірге бала өзінің білетінін жасай алады, білімін өз бетінше шығармашылықпен қолданады. «Еркетай» ерте жас тобында I-деңгей 20%, II-деңгей 35%, III деңгейі 55% көрсетті. «Күн шуақ» ортаңғы тобында тәрбиеленушілермен жүргізілген мониторинг нәтижесінде балалардың білім-біліктілік дағдысының даму деңгейі төмен деңгейде екенін, тілдік дағдылары мен танымдық дағдыларын дамыту жұмыстарын жандандыру қажет екені анықталды. «Ақкөгершін» ортаңғы тобында I-деңгей 32%, II-деңгей 68%-ды III Деңгейі 68% көрсетті. Тәрбиеленушілермен жүргізілген мониторинг нәтижесінде балалардың білім-біліктілік дағдысының даму деңгейі жоғары деңгейде екенін, балалар не істеп жатқанын түсінеді, белгілі білім қорына ие, сонымен бірге бала өзінің білетінін жасай алады, білімін өз бетінше шығармашылықпен қолданады. «Балдаурен» ересектер тобында I-деңгей 6,25%, II-деңгей 18,75% III деңгейі 75%,. «Балдаурен» ересектер тобында тәрбиеленушілермен жүргізілген мониторинг нәтижесінде балалардың білім-біліктілік дағдысының даму деңгейі жоғары деңгейде екенін, бір баланың мүлде сөйлей алмайтыны, ата-анасына, аудандық білім бөліміне ескертіліп айтылғаны анықталды. Мониторинг нәтижесі бойынша балалардың құзыреттіліктерінің даму динамикасының оңтайлы екендігі байқалады. Бұдан ұйымдастырылған оқу қызметтері жеткілікті деңгейде жүргізілуде деген қорытынды жасауға болады. Биылғы жылы бөбекжайда балалардың даму құзыреттіліктерінің диагностикасы ғана емес, сонымен қатар балалардың мектепке дайындығына да талдау жасалған

5. Төртінші мәселе бойынша әдіскер Г. Турешова сөз сөйледі. Өз сөзінде мына мәселеге тоқталып өтті. Қойылған тапсырмаларды шешу үшін пәндік - дамытатын ортаны жабдықтауға, денсаулық сақтау технологиясын енгізуге көңіл бөлінді. Балалармен таңғы шеңбер құру, психогимнастика өткізу психологиялық ахуалдың жасауына мүмкіндік туғызды. Әр жыл мезгіліне серуен картотекасын құру серуен уақытында өткізілетін қимыл белсенділігін ұйымдастыруда жүйелі амал жасауға, түрлі қимыл-қозғалыс ойындарын қолдануға көмектесті. Бөбекжайда үнемі балалардың қауіпсіздік тіршілік әрекеттерін қорғау тұрғысынан жабдықтау және оқу құралдарын сараптау жұмыстары жиі жүргізіліп

отырды. Ұйымдастыру жұмысының айлық жоспарларына педагогтардың денсаулықты сақтау технологиясын қолдануда.

ШЕШІМ:

1. Жоғарыда мазмұндалғандарды ескере отырып, жұмыстың алдағы кезеңінде жүргізілетін міндеттерді белгілеу.

Төрайымы:

Хатшы:



Г.Шырынханова

А.Бахтыбекова

Меңгеруші жанындағы кеңестің

№ 4 хаттамасы

Ә.Оспанов ауылы.

28.03.2022 ж

Қатысқандар : 12

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде
2. Сегізінші наурыз, «Ардақты аналар» мерекесін талқылау
3. Қорытынды мониторинг нәтижесі
4. Жазғы маусымға арналған іс-шараларды бекіту

Бірінші мәселе бойынша Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балабақша меңгерушісі Г.Шырынханова сөз алды: Әрбір мереке, іс-шараларды өткенде басты мақсатымыз ата-аналармен біріге отырып айнала қоршаған әлем мен өмірлік құбылыстарды сезінуге қабілетті, қарапайым шығармашылық іскерліктер мен дағдарларды меңгерген бала тұлғасын қалыптастыру, ынтасын арттыру, елжандылық пен азаматтық сезімдерін қалыптастыру, қоғамдық өмірге араласуына талпынысын тәрбиелеу, сенімділігін ояту.

Екінші мәселе бойынша: Өткен мерекеде балалар туысқандары мен балабақша қызметкерлеріне арнап сый, әндер, билер дайындап, жақсы құттықтау тақпақ өлеңдерін айтты. Мерекелік зал әдемі етіп безендірілді. Балалармен бірге ата-аналар да жақсы көңіл күйде болды.

Сөйлегендер: әдіскер Г.Турешова: осындай іс-шаралар арқылы ата-аналардың бала тәрбиесіндегі оң көзқарастары мен дұрыс бағдарын және баланың ата-анасына, жақындарына мейірімі мен сыйластығы қалыптасады. Ата-ананың баланың балабақшадағы өмірімен танысуға, құрдастарымен, қарым-қатынасын байқауға мүмкіндігі туады. Сол үшін бала үшін де, ата-ана үшін де жағдай жасауға әрекет еттік. Тәрбиеші: А.Бахтыбекова: Ия аналар күніне арналған мерекелік ертеңгіліктер әр қайсысы өзіне әсерлі, қызық

болды кішкентай бүлдіршіндер өнерін салды. «Балдаурен» тобының «Ақ маман» әніне жасаған бөбектердің сахналық көріністеріне аналар мен әжелер дән риза, әр ананың көз жанары өз баласында, ана махаббатын аямай-ақ, шуағын шашуда. Тәрбиеші С.Мамахан: Әрине мерекенің аты- мереке. Көңілді әуен, би, сәнді киімдер адамға жақсы көңіл күй сыйлайды. Бәрібір сахнада сөйленде тәрбиешілер сөйлеу мәдениетін әле де терең меңгеруі тиіс. Біз бала тәрбиесімен айналысып, өз тәрбиемізді де естен шығармайық. Маған «Айжұлдыз» тобының ата-аналармен ойыны ұнады. Ана мен бала арасындағы ынтымақтастық, тәрбие, ықылас көрініп турды.

Балалардың білім-біліктілік дағдыларын дамыту мониторинг қорытындысы жөнінде балабақша меңгерушісі Г.Шырынханова сөз алды: Мектепке дейінгі ұйымдардың Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру қорытынды мониторингінің нәтижелерімен таныстырып өтті.

Төртінші мәселе : Жазғы маусымға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту, жүргізу жөнінде балабақша меңгерушісі Г.Шырынханова тоқталып өтті: Жазғы маусымға әр топта балалардың жас ерекшеліктеріне сай, балалардың денсаулығын сақтау мен нығайту мақсатында іс шаралар жүргізіледі. Түрлі серуендер, ойындар, зерттеу-ізденуші ойындары, балалардың шығармашылығын арттыруға, ұжымда тату-тәтті, достарымен бірлесе ойнауды, шомылуды, күнге күйдіріну, спорттық ойындар, сумен ойындар, сахналық қойылымдар жоспарланды. Әр белгіленген жауапты педагог, іс-шараны сапалы безендіріп, жауапкершілікпен қызықты өткізуге тиісті. Ең бастысы өткізілген іс-шара кезінде күн астында ұзақ қалмауы, қауіпсіз болуы керек. Міндетті түрде мейірбикенің қатысуымен өткізіліп, бақылауда болуы керек. Және өткізілген іс-шара суреттермен әдіскерге өткізіледі.

ШЕШІМІ:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық.
2. «Ардақты аналар» атты Наурыз мерекелері талықыланды. Ұсыныстар орындалсын. Жауапты әдіскер Г.Турешова.
3. Жазғы маусымға арналған іс-шара бекітілсін.

Төрайымы:

Хатшы:



Г.Шырынханова

А.Бахтыбекова

Меңгеруші жанындағы кеңестің

№ 5 Хаттамасы

Ә.Оспанов ауылы

12.05.2022 жыл.

Қатысқандар – 13.

КҮН ТӘРТІБІ

1. Өткен кеңестің шешеімінің орындалуы.
2. Музыкалық және дене шынықтыру іс-шаралары туралы .
3. Аудандық сайыстарға қатысу туралы.
4. «Гүлдер» әлемі . Ағаш гүлдер отырғызу.

1.Бірінші сұрақ бойынша балабақша меңгерушісі Г.Шырынханова сөз алды. Өткен кеңестің ойдағыдай атқарылып жатқанына жан-жақты тоқталып өтті.

Екінші мәселе бойынша: Әдіскер Г.Турешова. «Музыка жас азаматтардың ішкі дүниесін байытып, әр дәуірдегі қоғамдық өмірдің түрлі құбылыстарын дұрыс түсінуге көмектеседі» деп Ахмет Жұбанов айтқандай музыкалық қызмет баланың музыкалық тәрбиесінің ең негізгі кезеңі болып табылады. Бала өмірінің алғашқы жылдары-оның болашағының негізі. Балабақшада бала музыканы тек меңгеріп қана қоймай, оған деген ерекше сезімталдық танытады. Сондықтан балабақшада өткізілген әрбір музыкалық ісшараларда музыкалық – шығармашылық іс-әрекеттің қарапайым іскерліктері мен дағдылары көрсетілді. Бөбекжайда жылдық жоспарға сай музыка жетекшісі Б.Есқараева ұйымдастыруымен өтілген мерекелік шаралар тәрбиеленушілерге жақсы көңіл күй сыйлады. Қыркүйек айында Білім күніне орай «Балабақшам бесігім» атты ертеңгілік өтті. Онда Білім ханшайымы қонаққа келіп, балаларды білім күнімен құттықтап, балалармен бірге қызықты тапсырмалар орындады. Тілдер мерекесі қарсаңында балалардың Мемлекеттік тілге деген сүйіспеншілігін қалыптастыру, өзге тілге құрметпен қарауға тәрбиелеу мақсатында «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» атты мерекелік концерт болды. Онда балалар ана тілінде және өзге тілде тақпақтар айтып, билеп, әннен шашу шашты. Отбасы күні қарсаңына «Атадан балаға өнеге» атты аталар сайысы өтіп, аталарымыз немерелерімен бірге өнерлерін көрсетіп, кішкентай бүлдіршіндерге баталарын берді. отбасылық спорттық сайыс өтіп, онда сайыс ережесіне сай әртүрлі

спорттық тапсырмаларды орындады. Қазан айында өткен «Армысың, Алтын күз!» ертеңгілігінде балалар күз мезгілінің ерекшеліктерімен қатар, алтын күз сөзінің мағынасын ұқты. Қараша айында Тұңғыш президент күні қарсаңында өткен «Елін сүйген Елбасы!» атты мерекелік ертеңгілігінде балалар Елбасы туралы тақпақтар айтып, би билеп, ән салды. Тәуелсіздік мерекесіне орай «Тәуелсіздігімді жырлаймын!» тақырыбында тәрбиелік мерекелік шара өтті. Онда балалар тәуелсіздік туралы тақпақтармен ән мен жырдан шашты.

Төртінші мәселе бойынша. Балабақша меңгерушісі Г.Шырынханова балабақшаны көгалдандыру, аулаға ағаштар егу, тазалық жұмыстарын жүргізу, ағаштың түптерін ақтау, ойын алаңдарын реттеу, арықтарды тазалау жұмыстарын жүргізуді шаруа меңгерушісі мен медбикеге тапсырды.

ШЕШІМ:

1. Музыкалық және дене шынықтыру іс- шараларына жас мамандардың үнемі қатысып отыруы қадағалансын.
 2. Балабақшаны көгалдандыру жұмыстарын жүргізу, ұйымдастыру.
- жауаптылар: Шаруа меңгерушісі мен медбикеге тапсырды.

Төрайымы:

Хатшы:



Г.Шырынханова

А.Бахтыбекова

«Тұрсынқұл апа» бөбекжай балабақшасы
Меңгеруші жанындағы кеңестің 6 хаттамасы

Ә.Оспанов ауылы.

20.06.2022 ж

Қатысқандар : 12

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде
2. Жаңа оқу жылына №1 педагогикалық кеңеске дайындық
3. Жөндеу жұмыстары жөнінде

1.ТЫҢДАЛДЫ: Балабақша меңгерушісі Г.Шырынханова. - Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуына тоқталып өтті.Жаз мезгілі демалыс кезеңі. Балалардың бойлары өсіп, күнге қыздырынып, серуендерге, ойынға көбірек уақыт бөлінді. Ыстық күннің астында қалмауы қадағаланды. Серуен кезінде бас киімде болуы, қайнатылған су беріп, тазалықтарына да көңіл бөлінді. СӨЙЛЕГЕНДЕР. Медбике: З.Сейтимова. - Жалпы жаз биыл өте ыстық, аптап ыстықтар көп болды. Балалардың денсаулығына, көңіл күйіне, тазалығына мән бере отырып барлық сауықтыру, оқутәрбие іс-шаралары өткізілді. Балаларға жазда көп ойнауға, сыртта таза ауада көбірек серуендеуге көңіл бөлінді. Ас-суы да қадағаланып жемістер, салаттар мен тамақтану рационы толықтырылып отырылды.

2.ТЫҢДАЛДЫ: Жаңа оқу жылының №1 педагогикалық кеңесіне дайындық туралы әдіскер Г.Турешова тоқталды.Биылғы жылы жаңа Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты жалпы ережелері, талаптары туралы таныстырып,түсініктемелер берді. 2022-2023 оқу жылының жоспарланып отырған мақсатміндеттерімен таныстырды. Міндеттері: Баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу.

Мақсаттары: 1. Тәрбиеленушілердің негізгі қимыл түрлерін меңгеруі арқылы мәдени-гигиеналық дағдылар, қимыл-қозғалыс тәжірибесін қалыптастыру, дене сапаларын және қимыл белсенділігіне қажеттілікті дамыту, әртүрлі ойындарды, оның ішінде ұлттық, қимылды ойындарды, командамен жарыс сипатындағы ойындарды өткізу, шығармашылық қабілеттер мен командамен бірге әрекет ету дағдыларын дамыту

2. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу; дербестікке тәрбиелеу; өмірдегі жағдайларды шешу, айналадағы адамдарға құрметпен қарау, өз отбасының мүшесі екенін сезіну, эмоционалды елгезектікті, жанашырлықты қалыптастыру; тәрбиеленушінің адамгершілік қасиеттерін, Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру. Алдағы жаңа оқу жылында да, ұйымдасқан түрде оқу-тәрбие үдерісін жүргізуде ауызбіршілік пен жауапкершілік танытуларыңызды сұраймын деді.

3. ТЫҢДАЛДЫ: Келесі жөндеу жұмыстары жөніндегі мәселеге б/б меңгерушісі Г.Шырынханова тоқталды: - Балабақшада балаларға толық жағдай жасану үшін әрине ең бірінші материалдық техникалық базасы жатады. Балабақша көлемі, алаңы сай. Дегенмен жылда ағымдағы жөндеулер жүргізілуге тиісті. Қажетті жерлерді жөндеу, сыбап, ақтап, сырлап шықтық. Дегенмен, қажетті құралдарды сынықтарын түзеп, жаңа оқу жылына дайындап, толықтыра түсуіміз қажет. Аулада, балабақша ғимаратында тазалық сақтайық. Тазалық жұмыстарын күрделі де, аса жауапкершілікпен жүргізейік. Әрине бұған мед.бике және кәсіпордақ ұжымының төрайымы да жауапты. Ұжымда жөндеу жұмыстарын ұйымдастырып, тиянақты етіп атқарып та жүр. Рахметімді айтамын деді.

ШЕШІМ: 1. №1 педагогикалық кеңеске тапсырма алған педагогтар жауапкершілікпен атқарсын. Жауапты: әдіскер Г.Турешова.

2. Жөндеу жұмыстары толығымен аяқталсын. Жауапты: меңгеруші Г.Шырынханова

3. Әрбір педагог өз міндетік жауапкершілікпен атқарсын. Жауапты тәрбиешілер

Төрайымы:

Хатшы:



Г.Шырынханова

А.Бахтыбекова